КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 20 мамыр №4360-25-00-2/1004 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: судья Н.Б.Еламанов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Әйтеке би кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Жақсыбек Маралұлы Өтеп

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Әйтеке би кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер Жақсыбек Маралұлы Өтепті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Жақсыбек Маралұлы Өтепті шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Жақсыбек Маралұлы Өтептен мемлекет пайдасына сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 21.05.2025

Заңды күшіне енген күні: 30.06.2025, судья Елшібеков Б. Е., 30.06.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Н.Б. Еламанов**

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
МИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
- Судопроизводство -

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 21.05.2025

Заңды күшіне енген күні: 30.06.2025, судья Елшібеков Б. Е., 30.06.2025